



ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫ БЕЙІНДІК ЖӘНЕ БЕЙІН АЛДЫ ДАЯРЛАУ, ЕМТИХАНДАРҒА ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСЫ

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу кезеңінде балаларға, ата-аналар мен педагогтарға психологиялық көмек пен қолдауды ұйымдастыру және көрсету бойынша орта білім беру мекемелерінің педагог-психологтарына арналған өңірлік вебинарлар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, ҚР ДСМ Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының және БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) бірлескен жоспары шеңберінде және Citi қайырымдылық қорының қаржылық қолдауымен



ПЕДАГОГ-
ПСИХОЛОГТЫҢ
ОҚУШЫЛАРДЫ
БЕЙІНДІК ЖӘНЕ БЕЙІН
АЛДЫ ДАЯРЛАУ,
ЕМТИХАНДАРҒА
ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША
ЖҰМЫСЫ

Бейіналды дайындық – бұл оқушыларға мектептің бейіндік және бейіндік емес жоғары сыныптарында, сонымен қатар, кәсіби білім беретін мекемелерде әрі қарай білім алу жолдарын анықтауда қажетті психологиялық-педагогикалық көрсетуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмыс.

Бейіндік оқыту – бұл жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында оқыту барысын дербес, оқушылардың бағдарларына және сұраныстарына сай, оқушыны болашақ мамандығын саналы таңдауға бағыттай алуға қабілетті етуді көздейдін жоғары сынып оқушыларын мамандандырылған даярлау жүйесі.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ

МІНДЕТТЕРІ



- бүкіл оқыту барысында оқушылардың дамуындағы ықтимал әркелкіліктерге мониторинг жасау және уақытылы жою;
 - оқушылардың қызығушылықтарын, бейімдерін және қабілеттерін анықтау, мамандықтар әлемі мен еңбек сипаты туралы түсінік қалыптастыруға септесу;
 - оқушыларды бейіналды сыныптарға іріктеу кезінде психологиялық диагностика жасау;
 - бейіндік сыныптарға өту кезеңінде оқушыларды тереңдетілген кәсіптік бағдарлау барысында психологиялық қолдау көрсету;
 - жоғары сынып оқушыларына кәсіби және жеке тұлға тұрғысынан өз тағдырын өз бетінше шешуде қолғабыс ету.
-

ОҚУШЫЛАРДЫ БЕЙІНАЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК ДАЯРЛАУДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ МАҚСАТЫ



- оқушылардың кәсіптік-психологиялық әлеуетін, яғни кәсіби тіршіліктің барлық кезеңдерінде олардың кәсіби қызметінің тиімділігін анықтайтын жеке тұлға ретіндегі кәсіби тұрғыдан маңызды қасиеттерін, негізгі біліктіліктерін, құзыреттерін, кәсіби және жеке қызығушылықтарын, құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын, кәсіптік-әдептілік нормаларын анықтау, дамыту және іске асыру.
-

**ОҚУШЫЛАРДЫ
БЕЙНАЛДЫ ЖӘНЕ
БЕЙІНДІК
ДАЯРЛАУДЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
СҮЙЕМЕЛДЕУДІҢ
НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫ:**

Оқушыларға психологиялық диагностика жасау

Педагогтармен, ата-аналармен және оқушылармен
консультациялық жұмыс жасау

Профилактикалық жұмыс

Түзеу-дамыту жұмысы

Талдамалық жұмыс



БЕЙІНАЛДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Оқушылардың қызығушылықтары мен бейімдерін, қабілеттерін анықтау және жоғары сыныпта оқу бейінін таңдауға бағдарланған танымдық және кәсіби қызметтің түрлі салаларында сарамандық тәжірибе қалыптастыру;
 - Оқушылардың қызығушылықтарына, бейімдеріне, оқу-білім саласындағы қажеттіліктеріне мониторинг жасау;
 - Оқушыларға өмірлік, әлеуметтік құндылықтар, соның ішінде кәсіби тұрғыдан қалыптасумен байланысты құндылықтар туралы түсінік қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;
 - Болашақ кәсіби қызметте табысқа жетуді қамтамасыз ететін танымдық және кәсіби қызығушылықтардың, негізгі біліктіліктердің кең ауқымын дамыту;
 - Әрі қарай білім алу бағытын, мамандық алу жолдарын таңдау туралы саналы шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру;
 - Сапалы білім алу үшін оқушылардың мотивация деңгейін көтеру.
-

БЕЙІНАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ САТЫЛАРЫ

Пропедевтикалық саты (8-сынып)

- оқушылардың қызығушылықтарына, бейімдеріне, оқу-білім саласындағы қажеттіліктеріне диагностика жасау;
- педагогтар мен психологтарға консультация беру.

Негізгі саты (9-сынып, қыркүйек-наурыз)

- педагогтар мен психологтарға консультация беру;
- түрлі оқу бейіндері мен мамандықтардың ерекшеліктерімен таныстыру.

Соңғы саты (9-сынып, сәуір-мамыр)

- оқушылардың қызығушылықтарына, бейімдеріне, оқу-білім саласындағы қажеттіліктеріне қайта диагностика жасау;
- ақпараттық жұмыс жүргізу, оқушылар мен олардың ата-аналарына мамандық таңдау мәселелері жөнінде жеке консультация беру.

БЕЙІНАЛДЫ ЖӘНЕ БЕЙІНДІК БІЛІМ АЛУДАҒЫ ДИАГНОСТИКА

1. Кәсіби қызығушылықтар мен бейімдер диагностикасы – лайықты бейін таңдаудың негізі.
2. Кәсіби қабілеттер мен жеке тұлғалық мінездемелер (мотивациялық, мінезтану, эмоциялық-ерік-жігер, зияткерлік ерекшеліктер) диагностикасы.
3. Оқушының өз бетінше және саналы түрде бейін таңдауға дайындығы деңгейінің диагностикасы:
 - мамандықтар әлемінен хабардарлық деңгейін анықтау;
 - кәсіби білім алу мен жұмыс жасау жолдарынан хабардарлық деңгейін анықтау;
 - бейін таңдауға әсер ететін тысқары және ішкі факторларды анықтау;
 - жеке кәсіби келешек мүмкіндіктерінің (жеке кәсіби жоспарының) қалыптасу деңгейін анықтау.


КӘСІПТІК ІРІКТЕУ МЕН КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ




- "Дифференциалдық-диагностикалық сауалнама" (ДДС).
 - «Қызығушылықтар картасы», О.Г. Филимонованың нұсқасында
 - «Мамандық таңдау матрицасы» (Г. Резапкина)
 - Л.А. Йовайши әдістемесі
 - Л. Н. Кабардованың кәсіби даярлығын анықтау сауалнамасы
 - «Бейін» (Г.Резапкина нұсқасындағы А.Голомштоқтың қызығушылықтар картасы әдістемесі).
 - Кәсіби қызмет мотивациясы (А. А. Реан нұсқасындағы К. Замфир әдістемесі)
-

ОНЛАЙН ДИАГНОСТИК А

proforientator.ru сайтындағы **тегін кәсіптік бағдарлау тестілері, мамандық тестілері, мамандық таңдау тестілері** оқушыларға болашақта кім болатынын түсінуге және олардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне мейлінше сай кәсіп салаларын анықтауға көмектеседі.




<https://testometrika.com/business/test-to-determine-career/>



<https://www.profguide.io/test/klimov.html> - Е.А.Климов әдістемесі бойынша кәсіптік бағдарлау тесті

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ

- Ата-аналар мен балалар үшін қай салалар белсенді дамидынын, қай салаларда жаңа технологиялар, өнімдер, басқару практикалары туатынын, жұмыс берушілерге қандай жаңа мамандар керек болатынын түсіну маңызды.




<https://www.enbek.kz/atlas/>

<https://atlas100.ru/catalog/>



БАЛАНЫҢ ТАҢДАУ ЖАСАУЫНДАҒЫ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ

- ▶ Балалармен бейінді талқылау.
 - ▶ Баланың негізгі пәндер бойынша және бейіналды басты пәндер бойынша үлгерімін басшылыққа алу.
 - ▶ Пән жүргізуші мұғалімдермен сөйлесу.
 - ▶ Мектеп психологтарынан консультация алу.
- Гуманитарлық немесе техникалық пәндерге бейімділікке тест жүргізу. Түбегейлі таңдау жасау және таңдалған бейіналды сыныбына қабылдау туралы өтініш беру.



**«ҚАЛАЙМЫН_ҚОЛЫМНАН
КЕЛЕДІ_КЕРЕК» формуласы**

БЕЙІНАЛДЫ ОҚЫТУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР



Оқу бейінін таңдау
негізділігі.



Білім сапасын арттыру.



Қорытынды аттестацияның
нәтижелілігін арттыру.

ЕМТИХАНДАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Кез-келген оқушы үшін емтихан немесе тіпті кәдімгі бақылау жұмысы – ауыр сынақ, оған тек қорытынды баға ғана емес, келесі сыныпқа өту немесе жоғарғы оқу орнына түсу тәуелді болуы мүмкін.



ОҚУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢДЕРМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ:



- Психологиялық диагностика
 - Оқушыларға жеке немесе топтық консультация беру
 - Оқушыларымен тренингтік дәрістер өткізу
 - Ақпараттық қолдау көрсету
-

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДЫҚ САТЫСЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ САН ТҮРІН ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ:



1. **Топтық психологиялық дәрістер**, аталмыш дәрістер түрлі санаттағы оқушыларға арналған (мысалы, іс-әрекетті ұйымдатыруда қиындықтары бар жасөспірімдер үшін). Осындай дәрістердің мақсаты – қажетті дағдыларды қалыптастыру. Дәрістер сараланған сипатта болуы өте маңызды, яғни дәріске сыныптағы барлық балалар емес, өзіндік қиындықтары бар балалар ғана қатысуы керек.

2. **Түлектерге жеке консультация беру**. Осы жұмыс түрін көбінесе жеке сипаттағы қиындықтарға тап болған балалармен (мысалы, үрейлі балалармен немесе перфекционист балалармен) жүргізген дұрыс.

3. **Оқушыларға арналған ұсынымдар әзірлеу**. Осы жұмыс түрі балалардың бойындағы қиындықтар түзеуге онша көнбейтін жағдайларда қолайлы болады. Жасөспірімдер жадынама ретінде қолдана алау үшін ұсынымдарды жазбаша түрде рәсімдеген өте маңызды.

ТРЕНИНГТІК ЖҰМЫС МІНДЕТТЕРІ:

- ❖ Оқушыларды түрлі емтихандарға (ауызша, жазбаша, тест) дайындалғанда және оларды тапсырғанда психологиялық қиындықтарды жеңуге үйрету.
- ❖ Өз қабілеттерін тиісінше бағалау, уақытты дұрыс жоспарлау және үлестіру қабілетін дамыту.
- ❖ Өз тәртібін өзі реттеу әдістерін, ширығуды азайту және өзіне өзі қолдау көрсету әдістерін іс жүзінде игеру.
- ❖ Емтиханда толқуды және қорқуды жеңуге үйрету.



Дәріс барысында оқушыларға технологияларды үйретіп қана қоймай, емтихандарды тиімді тапсыруға және өмірдегі кез-келген стресстік жайттарды еңсеруге көмектесетін жайдары ұстанымдар қалыптастыру қажет.



ОҚУШЫЛАРДЫ
ЕМТИХАНДАРҒА
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ДАЙЫНДАУ ШЕҢБЕРІНДЕ
ҚАНДАЙ ТЕХНИКАЛАР,
ТӘСІЛДЕР, ЖАТТЫҒУЛАР
ҚОЛДАНАСЫЗ?

Өз тәртібін өзін реттеу әдістеру

- Тыныс алу гимнастикасы
- Нейро-бұлшықеттік релаксация
- Визуализация


Тайм-менеджмент құралдары/әдістері

- «Қызанақ» техникасы
- Эйзенхауер матрицасы
- Т.Бьюзен менталдық карталары
- «АБВГД» әдісі

Өзін жоғары бағалауға баулитын жаттығулар

- Жетістіктер сандықшасы
- «Мен өзімді ... жақсы көремін» сөйлемін аяқта
- Кінә мен қорқыныш сезімінен арылу
- Өз ерекшеліктерін қабылдау

АҚПАРАТТЫҚ ҚОЛДАУ



Қатысушылардың ҰБТ/ТКТ процедурасы мен ерекшеліктерінен, өз құқықтары мен міндеттерінен, қажетті білім мен қолдау беретін ресурстардан хабардарлығы ҰБТ/ТКТ психологиялық дайындықтың аса маңызды компоненті болып табылады.

Осы бағытта білім алушы субъектілерді және олардың ата-аналарын ҰБТ/ТКТ туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды.

СҰРАҚТАР МЕН ПІКІРТАЛАС



«ЖАҢАДАН БАСТАУШЫ ПСИХОЛОГ МЕКТЕБІ» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КЕРІ БАЙЛАНЫС АНКЕТАСЫ

1. ТАӘ
2. Тұрғылықты өңірі
3. Бағдарлама бойынша оқу жалпы үмітіңізді ақтады ма?

5 балдық шкала бойынша бағалаңыз:

4. Бағдарламала келтірілген материал менің күнделікті жұмысы үшін пайдалы
 5. Бағдарлама мен өз жұмысымда пайдалана алатын білім деңгейін көтеруге көмектесті
-